

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлары
кеңесінің кезектен тыс отырысының (аймақтық кеңес
басшыларымен) хаттамасы**

Астана қ.

№2

10 қыркүйек 2015 ж.

Төрағалық етуші: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры **Сыдықов Е.Б.**

Күн тәртібі

1. ҚР жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің екінші отырысын өткізу туралы.
2. Ректорлар кеңесінің бастамасы туралы («Абайтану» орталықтарының тиімді қызмет етуі бойынша)
3. Сібір федералдық округі жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің, Жоғары мектеп мәселелері жөніндегі Үйлестіру кеңесінің жұмысына қатысу туралы.
4. Аймақтық ректорлар кеңесінен түскен ұсыныстарды талқылау.

Сыдықов Е.Б., аймақтық кеңестердің басшылары (Шаймарданов Ж.К., Мамраев Б.Б, Наметов А.М.), Абжаппаров А.А., Адилев Ж.М.

Ректорлар кеңесінің отырысына қатысушылардың ақпараты ескерілсін.

1. ҚР жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің екінші отырысы 2015 ж. Қазанда Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің базасында өткізілсін (күн тәртібі хаттамаға қоса беріледі):

1.1. Серікбаев атындағы ШҚМТУ (Ж.К. Шаймарданов), Есенов атындағы КМТИУ (А.К. Ботабеков), «Тұран» университетінің (Р.А. Алшанов) ректорлары 5 қазанға дейінгі мерзімде баяндама жобаларын келесі электронды мекенжайларға жіберсін: asem0808@mail.ru , svrk@enu.kz.

1.2. Байтұрсынов атындағы ҚМУ ректоры ҚР жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің екінші отырысын өткізу үшін барлық жағдайды қамтамасыз етсін. (қонақүй броньдау, мәжіліс залын дайындау, қатысушыларға арналған бағдарламаны тираждау).

1.3. ҚР Жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің екінші отырысының күн тәртібіне жоғары оқу орнынан кейінгі білім және PhD докторларды дайындау мәселесін талқылау енгізілсін (министр А.Б. Сәрінжіповтің 2015 ж. 9 қыркүйектегі тапсырмасы)

2. Аймақтық кеңес төрағалары аймақтық отырыстарда ҚР жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің жоғары оқу орындарының базаларында «Абайтану» орталықтарын ашу және олардың тиімді жұмыс жасауы туралы бастамасын қарастырсын. Ақпаратты 2015 жылғы 3 қарашаға дейін жолдау қажет.

2.1. Жоғары оқу орындарының ректорлары шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының базасында «Абайтану» орталықтарының филиалдарын ашу туралы ұсынысты енгізсін. Ақпаратты 2015 жылғы 3 қарашаға дейін жолдау қажет.

3. ҚР Жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесі Сібір федералдық округінің жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің, Жоғары мектеп мәселелері жөніндегі Үйлестіру кеңесінің біріккен отырыстары жұмыстарына қатыссын (29 қыркүйекте Томск мемлекеттік университеті базасында). А.А. Молдажанованың жұмысының қорытындылары бойынша ҚР Жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің келесі отырысында ақпарат ұсынылсын.

4.1. Аймақтық кеңес төрағалары Ректорлар кеңесі шешімдерінің белгіленген мерзімдерде уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз етсін.

4.2. ҚР жоғары оқу орындары ректорларының кеңесі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментімен, Халықаралық ынтымақтастық департаментімен бірігіп ҰБТ-ны жетілдіру бойынша «дөңгелек үстел» ұйымдастырсын және өткізсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғары оқу орындарының
ректорлары кеңесінің төрағасы,
Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ ректоры

Е. Сыдықов

Қазақстан Республикасы
Жоғары оқу орындарының
ректорлары кеңесінің хатшысы

А. Молдажанова

E-mail: svrk@enu.kz

Контактные телефоны: +7 (7172) 709559;

тел: +7 (7172) 709500 вн. 31208.

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының
ректорлары кеңесінің күн тәртібі (жоба)**

Қазан 2015 ж.

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және PhD докторлар дайындау жөніндегі мәселені талқылау. *Баяндамашылар - Балықбаев Т.О., Өмірбаев С.М.*
2. Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілермен біріккен іс-шаралар өткізу туралы. *Баяндамашы - Шаймарданов Ж.К.*
3. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында халықаралық бағдарламаларды іске асыру туралы. *Баяндамашы - Ботабеков А.К.*
4. Республикалық жоғары оқу орынаралық электронды кітапхананың жұмысы туралы (қолжетімді жоолар үлесі). *Баяндамашы - Алшанов Р.А.*
5. ҚР жоғары оқу орындары ректорларының кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы (тамыздағы отырыс қорытындылары бойынша). *Баяндамашы - Сыдықов Е. Б.*